

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің  
«Қызылжар ауылының орта мектебі» КММ  
КГУ «Средняя школа села Кызылжар» отдела образования города Аксу,  
управления образования Павлодарской области**

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ,  
АҚСУ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ  
«ҚЫЗЫЛЖАР АУЫЛЫНЫҢ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ  
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ**

**САМООЦЕНКА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
КГУ "СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ С.КЫЗЫЛЖАР"  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКСУ,  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ**

**с. КЫЗЫЛЖАР , 2024 г.**

## Педагогикалық кеңесі хаттамасының көшірмесі

№1

Павлодар облысының білім беру басқармасы,  
Ақсу қаласы білім беру бөлімінің  
«Қызылжар ауылының орта мектебі» КММ

28.08.2024 жыл

Қатысқандар: 51 мұғалім  
Төрағасы: мектеп директоры Аканова А.К.  
Хатшы: Каиржанова Е.А.

### Күн тәртібі:

#### 1. Мектепті өзін-өзі бағалаудан өткізу туралы .

Бұл сұрақпен мектеп директоры Аканова А.К. сөз сөйлеп, мектеп ұжымын 2024-2025 оқу жылында Павлодар облысы бойынша білім сапасын бақылау департаментімен 2024 жылдың 20 ақпанындағы №346 бұйрығымен (өзгерістермен №36) бекітілген мемлекеттік аттестациядан өтетін мектептердің тізімімен таныстырды.

Аттестация Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда № 31053 болып тіркелген) және басқа да ҚР уәкілетті органымен бекітілген нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

Бұдан әрі мектептің өзін-өзі бағалаудан өткізуге арналған Әдістемелік ұсынымдарымен, қосымшаларымен таныстырды.

Талқылау соңында өзін-өзі бағалауға жауапты мектепшілік комиссия құрамы анықталды.

#### 1.2 Қаулы етті:

- Мектепті өзін-өзі бағалаудан өткізуге мерзімі 2024 жылдың қыркүйек-қазан айы болып белгіленсін.
- Мектепті өзін-өзі бағалаудан өткізу комиссиясының құрамы бекітілсін;
- Комиссия мектепті өзін-өзі бағалаудан өткізу жоспарын құрсын.
- Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

Төрағасы:



Аканова А.К.

Хатшы:

Каиржанова Е.А.

**Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Қызылжар ауылының орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзің-өзі бағалау қортындысы**

**Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет**

Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Қызылжар ауылының орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1972 жылынан бастап жұмыс істеуде, оқыту тілі – аралас.

Жалпы көлемі 3600 м<sup>2</sup>., жұмыс көлемі 1795 м<sup>2</sup>.

Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140113, Ақсу қаласы, Қызылжар ауылдық округі, Қызылжар ауылы, Жүсіпбек Аймауытов көшесі, 45.

**Заңды тұлғаның байланыс электрондық поштасы –** qyzyljar@bilimaksu.edu.kz

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының аты- жөні, лауазымға тағайындау туралы бұйрығы):** Аканова Альмира Кайргельдыевна, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің 2023 жылдың 21 ноября, № 5-02/565 бұйрығымен тағайындалды, байланыс телефоны: 87183770685

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беруді бүгінгі таңда мектеп өзінің білім беру қызметін төмендегідей құжаттар негізінде жүзеге асыруда:

- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 2021 жылғы 9 ақпанда (2008 жылғы 11 шілдеде) берілген №KZ76LAA00022792 мемлекеттік лицензиясы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Павлодар облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың хабарламаны қабылдау туралы № KZ25RVK00057364 талоны негізінде білім беру қызметімен айналысады (*берілген күні: 2024 жылғы 16 сәуір*);
- Павлодар облысы Әділет департаментінің 2021 жылғы 11 қаңтарда берілген БСН 980940001667 заңды тұлғаны мемлекеттік (алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 1998 жылғы 21 қыркүйек) қайта тіркеу туралы анықтамасы;
- Павлодар облысы қаржы басқармасының бұрығымен бекітілген 2021 жылдың 05 қаңтардағы №1 Білім беру ұйымының Жарғысы
- 1999 жылдың 24 қыркүйек берілген № 21 тұрақты жер пайдалану құқығын беретін акт;
- 1999 жылдың 14 желтоқсанында берілген «Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Қызылжар ауылының орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі техникалық төлқұжаты (Ф-2);
- «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Павлодар облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ақсу қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің білім беру және тәрбие бойынша санитарлық-

эпидемиологиялық сараптау қорытындысы №S.02.X.KZ38VWF00049623.  
08.10.2021 ж,

• «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Павлодар облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ақсу қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бойынша санитарлық-эпидемиологиялық сараптау қорытындысы №KZ36VWF00166641. 21.05.2021 ж,

### **Қызылжар ЖОББМ әкімшілігі туралы мәлімет.**

Мектеп директоры Аканова Альмира Каиргельдыевна – педагог-модератор, үшінші санатты басшы, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 23 жыл.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Рысбаева Жанна Жаксылыковна – педагог-модератор, үшінші санатты басшының орынбасары, тарих пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 18 жыл.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Валиева Назиза Зуфаровна – педагог-модератор, информатика пәнінің мұғалімі.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Мукушев Даулен Маканович – педагог-модератор, үшінші санатты басшының орынбасары, тарих пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 21 жыл.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Мукушева Динара Балтабековна – 1 санат, үшінші санатты басшының орынбасары, жаһандық құзыреттілік пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі 22,6 жыл.

Қызылжар ЖОББМ аралас тілді: қазақша және орыс тілінде. 5 күндік оқу аптасымен бір ауысымда жұмыс істейді. Оқу процесі 8-00 басталып 14-25 аяқталады. Мектеп құрылымында мектеп жанындағы мектепке дейінгі шағын-орталық пен мектепалды сыныбы қызмет атқарады.

Мектептің әдістемелік тақырыбы: *«Дені сау, тәуелсіз, рухани бай, адамгершілік тұлғаны қалыптастыру үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту»*

Мектептің миссиясы аясында келесі міндеттер атқарылды.

- Әрбір білім алушының жеке тұлғаның жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ең жоғары сапалы деңгейде негізгі орта және жалпы орта білім алуын қамтамасыз ету.

- Білім алушының динамикалық дамып жатқан ортадағы өмір сүру жағдайларына, әлеуметтік дамудың шынайылығына бейімделуіне ықпал ету.

- Жеке және кәсіби жоспарлар негізінде білім алушылардың өз болашағына саналы көзқарасын дамытуға жағдай жасау.

Даму бағдарламасы аясындағы жұмыс барысында мектептің инновациялық қызметінің негізгі бағыттары айқындалды. Педагогикалық ұжым инновациялық қызметті дамудың негізгі тетігі ретінде қарастырады, оны оқу тәжірибесіне енгізілген жаңалықтарды жүзеге асырудың, меңгерудің, иеленудің мақсатты процесі ретінде анықтайды.

Іс жүргізу үшін мектеп директоры бекіткен және аудандық білім бөлімімен келісілген істер номенклатурасы, штаттық кесте, мұғалімдер мен қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшалары, еңбек келісім-шарттары, мұғалімдер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, жеке құрам бойынша бұйрық кітапшалары бар.

Жалпы білім беру мәселесі бойынша алфавиттік кітап, оқушылардың қозғалысы туралы бұйрық кітабы, мектепке келу, мектептен кету талондары, оқушылардың жеке істері, есеп карточкалары, негізгі орта мектеп курсы аяқтау туралы куәліктерді есепке алу және беру кітаптары, жалпы орта мектеп курсы бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітаптары бар. Бұл құжаттар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 «Білім беру ұйымдарының білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Мектеп әкімшілігі мектеп оқушыларын есепке алуды ұйымдастыру талаптарының сақталуы, мектеп оқушыларының оқумен қамтылуы мәселелерін үнемі қадағалап отырады. Оқуға қабылдау туралы бұйрықтардың уақытылы берілуі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке істері мен медициналық құжаттары бар.

Қызылжар ЖОББМ өзі-өзі бағалау бойынша 2023-2025 жылдар арлығында атқарылған қызметтерге сандық және сапалық көрсеткіштеріне толық талдау төмендегідей анықтама беріледі.

### **Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің 3 жылдық талдауы**

Қызылжар ЖОББМ бойынша 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі 1 шағын-орталық, оның ішінде 3 топ және 2 мектепалды даярлық сыныбы қызмет атқарды, оқыту тілі қазақша.

Мектепке дейінгі шағын-орталық (бұдан әрі қарай ШО) қызметін автоматтандыру “Indigo” порталы арқылы жүзеге асырылады Балалардың ШО келуі “Indigo” порталының жолдамасы бойынша жүргізіледі. Әрбір балаға жеке іс ресімделеді, оның құрамына: жолдама, баланы ШО қабылдау туралы ата-ананың өтініші, ШО пен ата-аналар арасындағы электронды келісім шарт, дәрігердің 027/у анықтамасы, бала денсаулығы паспорты жинақталады. Балалардың тізіміне сәйкес барлық жеке істерді жүргізу құжаттары жасақталды. Бағыттарды тіркеу журналдары, балалардың қозғалысын тіркеу кітабы, балалар қозғалысы және топқа отырғызу бойынша бұйрықтар, өтініштерді тіркеу журналы, ата-аналар шарттарын тіркеу журналы жүргізіледі.

ШО-да тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерімен құрылған 3 топ қызмет атқарады, ондағы мектепке дейінгі оқумен және тәрбиеленумен 50 бала қамтылды. Топтардың жұмыс тәртібі мектепшілік күн тәртібі ережесінде бекітілгендей сағат 8.00-ден басталып 17.00-де аяқталады.

Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сипаттасақ: Кіші жас- 3, Ортаңғы жас- 21, Ересек жас – 26 тәрбиеленуші тәрбие алууда.

## ШО-дағы тәрбиеленушілерді жас ерекшеліктері бойынша үлестіру

Топтағы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері	2022-2023	2023-2024	2024 – 2025
Кіші жас 2 жастан бастап	0	5	3
Ортаңғы жас 3 жастан бастап	17	20	21
Ересек жас 4 жастан бастап	28	25	26
<b>Барлығы</b>	<b>45</b>	<b>50</b>	<b>50</b>

Кесте негізінде қорытынды жасасақ 2020-2021 оқу жылына қарағанда 2022-2023 оқу жылында тәрбиеленушілер саны 5 балаға артық екендігін көруге болады. Бұл 10% ға көтерілгенін көрсетеді.

## Тәрбиеленушілерді жынысы бойынша үлестіру

Жынысы	2022-2023	%	2023 – 2024	%	2024 – 2025	%
ұлдар	25	55,5	21	42	20	44.4
қыздар	20	44,4	29	58	25	55.5

**Қорытынды:** Өткен жылдармен салыстырғанда қыздардың сандық көрсеткіші артқаны байқалады.

## МАД тәрбиеленушілерінің жас ерекшеліктері

Топтағы тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері	2022-2023	2023-2024	2024 – 2025
5 жастағы	20	29	18
6 жастағы	9	11	7
<b>Барлығы</b>	<b>29</b>	<b>40</b>	<b>25</b>

Кесте көрсеткішіне сәйкес 2022-2023 оқу жылындағы бала санына қарағанда 2023-2024 оқу жылында 12,5%-ға өсу динамикасын көрсетіп тұр. Дегенмен 2024 жылы МАД тобына қабылданған балалар саны 37,5 % азайды.

## **Мектепке дейінгі жасындағы ерекше білім беру қажеттілігінің талдауы**

Қызылжар орта мектебінде мектепке дейінгі ШО пен мектепалды сыныбындағы (бұдан әрі қарай МАД) 1-5 жастағы тәрбиеленушілер арасында ерекше білімді қажет ететін 1 бала тіркелген.

### **Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің базалық деңгейі**

Қызылжар орта мектебі жанындағы ШО пен мектепалды даярлық сыныбының оқу-әдістемелік жұмысы ҚР оқу министрлігінің нормативтік құқықтық құжаттарымен бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылып, іске асырылады.

Мектепке дейінгі білім беру үдерісінде төмендегі базалық құжаттар басшылыққа алынды:

1. ҚР Оқу министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі МЖМБС) № 348 бұйрығы;

2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» № 604 бұйрығы;

3. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» № 499 бұйрығы;

4. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 557 бұйрығы (*өзгертулер мен толықтыру 12.05.2020 жылғы №195 және 14.09.2022 жылғы № 394 бұйрықтарының 1 қосымшасы*).

2022-2023 оқу жылдарында ШО және МАД-тың тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығының 1-қосымшасы іске асырылды. ШО сабақтың апталық жүктемесі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерімен байланысты болды. Ортаңғы жас 3 жастан бастап – апталық жүктеме 11 сағат (ОҚҰ-15-20 мин), вариативтік компоненттен 1 сағат берілді. Барлығы 12 сағат іске асырылды. Ересек жас 4 жастан бастап 12 сағат (ОҚҰ-20-25 мин), вариативтік компоненттен 2 сағат берілді. Барлығы 14 сағат іске асырылды.

МАД бойынша апталық жүктемесі – 20 сағат, ондағы негізгі сағаты – 17 болса, вариативтік компонентті 3 сағат іске асырылды. МАД сыныбында ОҚҰ 25-30 минутты құрайды.

ШО мен МАД бойынша сабақ кестелері құрылған, сынып журналдары уақытылы толтырылған. ШО мен МАД сыныбы бойынша құрылған перспективтік жоспар сабақ кестесімен сәйкес келеді, сабақ тақырыбы мен мақсаты көрсетілген. Сабақ барысына арналған циклограммалары құрылған, сәйкес келеді.

2022-2023 оқу жылы ұйымдастырылған білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС және МДТО ҮОЖ талаптарына сәйкес жүргізілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуде коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын,

өз бетінше үйрену дағдыларын меңгерту, тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау, креативтілікті, коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру көзделген мақсаттар бағдарламадағы оқу мақсаттарына сәйкес келеді.

МДТО ҮОБ-на сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін, бес білім беру салаларына негізделген пәндік-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылған. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларының мақсаттары мен міндеттерге қол жеткізу мақсатында өтпелі тақырыптар негізінде ұйымдастырылған білім беру қызметі МДТО ҮОБ-на сәйкес. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Денсаулық бұрышы, табиғат бұрышы, бес білім беру саласы бойынша заттық-кеңістік дамытушы орта құрылып, жабдықталған. Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды, олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін заттық-кеңістік дамытушы орта құру, талапқа сай жабдықталған, эстетикалық талғамға сай. Балалардың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіру, ұсынылған ұйымдастырылған оқу қызметтерінің бейнематериалынан көрініс тапты. Қимыл-қозғалыс ойындар құралдары, оқу-тәрбие процесіне пайдаланатын көрнекіліктер мен үлестірмелі дидактикалық материалдар жасалған.

Тәрбиелеу және оқыту үдерісі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін қамтамасыз ететін перспективтік жоспар, циклограмма арқылы жүзеге асырылды. ШО мен МАД сыныбындағы перспективтік жоспар мен циклограмма мазмұны талаптарға сай құрылған.

Тәрбиеленушілердің МЖМБС менгеру деңгейінің бастапқы, аралық және қорытынды мониторингісін жүргізу барысында тәрбиеленушілердің алғашқы жетістіктері қадағаланды. Нәтижелер «бақылау парағында» толтырылаған. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы жасалған. Мониторинг нәтижелері бойынша I, II даму деңгейіндегі балалармен қосымша жеке жұмыс жүргізу жоспарлары іске асырылған. Баланы дамытудың жеке картасында «түзету іс-шаралары» бөлімінде балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілер мен пән мамандары мониторинг деректерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырған. ШО мен МАД бағалау критериясына сәйкес мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелеріне талдау жүргізілген. Мониторинг арқылы баланың жетістіктерін бақылау, түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде оқыту барысын жетілдіру, баланың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау жолдарын қарастырып іске асырғаны анықталды.

2022-2025 оқу жылдарында МДТО және МЖМБС қамтамасыз ету мақсатында перспективтік жоспар өтпелі тақырыптар негізінде тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін ескере отырып жасақталған.

Циклограмма әр апта сайын жасалған. Балаларды қабылдаудан бастап, олардың әртүрлі іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық,



эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеу, күндізгі ұйқы және балалардың үйге кетуі барлық режимдік талаптардың орындалуы қамтамасыз етілген.

МДТО және МЖМБС қамтамасыз ету мақсатында ШО және МАД сыныбының перспективтік жоспары, циклограммасы, сабақ және күн тәртібінің кестелері мектептің педагогикалық кеңесінде қаралып, бекітілген және Ақсу қаласы білім беру бөлімінің басшысы К.Т. Смагуловпен келісілген.

2024-2025 оқу жылында МДТО ұйымдастыру кезінде тәрбиешілер мен педагогтер 499 (өзгертулерімен 412) бұйрығы басшылыққа алынып іске асырылған. Сабақ барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып: ойын арқылы оқыту, балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету) бағыттарын орындағаны анықталды. МДТО ұйымдастыруда ШО және МАД тәрбиеленушілерінің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілгені байқалады.

Электрондық нұсқада 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының жұмыстық оқу жоспары, жұмыстық оқу жоспарының түсініктеме хаты, сабақ кестесі, перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қоса беріледі.

### **Мектепке дейінгі ШО және МАД педагогтерінің құрамы**

<b>Оқу жылдары</b>	<b>Педагогтер саны</b>		
	<b>ШО</b>	<b>МАД</b>	<b>%</b>
2022-2023	3	2	100
2023-2024	4	2	100
2024-2025	5	2	100

2022-2025 оқу жылдары бойынша педагогтердің сапалық құрамын қарастырсақ төмендегі жағдайды көруге болады. 2024-2025 оқу жылында ШО мен МАД тәрбиешілерінің саны – 7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша жоғары білімі 14,2% .

Балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі жоғары, кәсіби деңгейін үнемі жетілдіріп отырады, мектепке дейінгі тәрбие әдістерін жетік меңгерген. Оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жасауда.

Мектеп бойынша ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға инклюзивті білім беру қызметі бойынша ШО 1 балаға жеке білім беру бағдарламасын дайындап жұмыс жасалуда . МАД сыныптарда ерекше білім беруді қажет ететін бала жоқ.

### **Қорытынды:**

Қызылжар орта мектебінің жанындағы мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді оқуға сапалы дайындау үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Ересек топ және МАД сынып балалары дауыстап қиялдай алады, дыбыстармен және сөздермен ойнай алады. Олар ауызша сөйлеуді жақсы түсінеді,

өз ойын, тілектерін анық жеткізеді. Балалардың жалпы және ұсақ моторикасы дамыған. Балалар әртүрлі іс-әрекеттерде, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынаста мінез-құлықтың әлеуметтік нормалары мен ережелерін, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін және жеке бас гигиена ережелерін жақсы меңгерген, қызығушылық танытады, жақын және алыстағы заттар мен құбылыстар туралы сұрақтар қояды, себеп-салдарлық байланыстарға қызығушылық танытады, бақылауға, тәжірибе жасауға бейім.

### **2022-2024 жылдар аралығында өткізілген мектепке білім беру үдерісінің қорытындысына талдау**

Қызылжар орта мектебінде оқыту тілі аралас – қазақ және орыс тілінде. 2024-2025 оқу жылының басында 303 оқушы және – 51 педагог, 26 сынып-комплект. Сыныптың оқушылармен орташа толымдылығы 4,6 оқушыны құрайды. Оқытудың бастауыш сатысында 1-4 сынып – (10 сынып-комплект) – 126 оқушы, негізгі сатысында 5-9 сыныптар- 158 оқушы (13 сынып-комплект), 10-11 сыныптарда 19 оқушы (3 сынып-комплект).

<b>Сынып- комплект</b>				
<b>Оқу жылы</b>	<b>1-4 сынып</b>	<b>5-9 сынып</b>	<b>10-11 сынып</b>	<b>1-11 сынып</b>
2022-2023	10	12	1	23
2023-2024	10	11	3	27
2024-2025	10	13	3	26

### **Білім алушылар контингентінің құрылымы.**

<b>Р/с №</b>	<b>Контингент құрылымы</b>	<b>1-4</b>	<b>5-9</b>	<b>10-11</b>	<b>Барлығы</b>
1	Білім алушылар саны	126	158	3	303
2	Жалпы сыныптар саны/ білім алушылар саны	11/126	13/158	3/19	27/303

### **3 жыл көлеміндегі оқушылар саны.**

<b>Оқу жылы</b>	<b>1-4</b>	<b>5-9</b>	<b>10-11</b>	<b>1-11</b>
2022-2023	96	160	9	265
2023-2024	117	162	19	298
2024-2025	126	158	19	303

### **Мектеп контингентінің сақталуы**

Оқу жылы басындағы және аяғындағы көрсеткіш	Оқушылар саны		
	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Оқу жылының басында	297	298	303
Оқу жылының аяғында	298	302	-

Жоғарыдағы көрсеткіштер негізінде Қызылжар орта мектебінде 3 жыл ішінде оқушылардың саны балаға ұлғайғанын тұжырымдауға болады (бұл 2% құрайды). 2024-2025 оқу жылында білім алушылардың саны жыл басынан (*кеткен келген оқушылар тіркелген*) 2 оқушы кетті, 5 оқушы келді. Сонымен 2024-2025 оқу жылының 31 қазан айында жалпы оқушылар саны 306 оқушыны құрады.

**Қорытынды:** Қызылжар орта мектебінде жылма-жыл оқушылардың саны динамикасын өсу көрсеткішін көрсетті.

**Шешу жолдары:** Мектеп басшылары, педұжым және 9-сынып ата-аналарымен ынтымақтастық құру арқылы білім алушылардың мектептегі білімді таңдау мәселесін тиімді шешу. 2023-2024 оқу жылында 9-сыныпты аяқтап, негізгі білім туралы аттестат алған білім алушылар саны 26. Солардың ішінен 10 түлек мектепте қалып білімдерін 10-сыныпта жалғастырады, ал 16 түлек коллежде білім алып отыр. Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылында 11-сыныпты аяқтап, жалпы орта білім туралы аттестат алған білім алушылар саны 10.

Оқушылар санының және сынып – комплектерінің санының арту үшін мектеп басшыларымен оқушылардың ата-аналары арасында мектепті қолдау ынтымақтастығы жан-жақты даму үстінде.

Қызылжар орта мектебінде 2021 жылғы 16 қыркүйектегі «Білім беру ұйымдарында білім беру қызметінде пайдаланылатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы» № 472 бұйрыққа сәйкес әрбір білім алушыға оқушының жеке іс құжаттарын рәсімдейді, әліпби кітабіна енгізуді бақылауда ұстайды.

Оқушылардың келуі мен кетуі мектеп бұйрығымен, сондай-ақ ҰБДҚ және «Kundelik KZ» электрондық жүйелерінде тіркеледі.

### **2023-2024 оқу жылдарының білім сапасы мен үлгерімі:**

Мектептегі білім беру жүйесінің жұмыс істеу нәтижелері білім алушылардың білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында басты міндет - білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалы көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту іске асырылды. 2023-2024 жылдың қорытындысы бойынша мектеп бойынша үлгерім 100%, білім сапасы 51% болды. Үлгермейтін оқушылар жоқ.

### 3 жылдағы оқушылардың білім сапасы

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	% үлгерімі	% білім сапасы	1-4 сыныптар		5-9 сынып		10-11 сынып	
				үлгерімі	сапасы	үлгерімі	сапасы	үлгерімі	сапасы
2022-2023	265	100	51	100	66	100	43	100	44
2023-2024	298	100	55	100	70	100	47	100	57
2024-2025	303	100	56,7	100	63	100	52	100	68

Оқушылардың 3 жылдағы үлгерімін талдай отырып, 3 жыл ішінде үздік пен жақсы оқитын саны бір қалыпта. Бұл мұғалімдердің жоғары кәсіби дайындықтарын, сонымен қатар инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибесін жетілдіруді талап етеді. Мектеп ұстаздары сабақ үрдісінде сабақты зерттеу технологиясын қолдану белсенділігін артыру қажет. Осылайша үздік және жақсы нәтижеге қол жеткізген оқушылар санын артуға септігі болады.

### Негізгі және жалпы орта білім бойынша білім алушыларды аттестаттау

Оқу жылының соңындағы 9-сыныпты бітірген оқушы саны			Оның ішінде					
			Үздік аттестатқа бітірген оқушы саны			Мектепті «4» пен «5»-ке бітірген оқушылар саны		
2022-2023	2023-2024	2024-2025	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2022-2023	2023-2024	2024-2025
31	26		2	0	-	16	11	-

Талдау көрсеткендей, негізгі саты түлектерінің саны 5 балаға артқан (арту көрсеткіші 50%-ға көтерілді). Оқушылардың білім көрсету деңгейі 2020-2021 оқу жылына (білім сапасы 50%) қарағанды – 60% -ды көрсеткені байқалады. Осу динамикасы +10% құрайды.

### Жалпы орта білім алған түлектер

Оқу жылының соңындағы 11-сынып оқушылар саны			Оның ішінде											
			Аттестат алған оқушы саны			«Алтын белгі» иегерлерінің саны			Үздік аттестат иегерлері			Мектепті «4», «5»-ке бітірген оқушы саны		
2022-2023	2023-2024	2024-2025	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2022-2023	2023-2024	2024-2025
0	10	0	0	10	-	0	0		0	0	-	0	5	

**Қорытынды:** 2024-2025 оқу жылында 1 тоқсан бойынша жалпы орта білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші 56,7% құрайды.

**Мәселе:** негізгі және жоғары деңгейдегі білім сапасының жеткілікті деңгейден жоғары деңгеге көтеру мәселесі әлі актуалды екенің көрсетіп тұр. Сондай-ақ сыныпты басқарудағы және білім сапасындағы мәселелердің болуы (пән мұғалімдерінің ауысуы, мұғалімдердің инновациялық технологияларды қолдануға дайын болмауы) пән мұғалімінің ынтасы төмен және оқуға мотивациясы жоғары балаларға жеке, сараланған жұмыс жоспарын жүйелі пайдалану дағдысы қалыспағаны.

**Шешу жолдары:** жоғарыда атап көрсетілген қорытынға сүйенсек білім сапасының көрсеткішін бастауыш буыннан негізгі буынға ауысу кезіндегі физиологиялық-психологиялық ерекшеліктерін, білім деңгейі төмен оқушылардың мотивациясының әлсіздігіне көтеру жолында іске асыру көзделді. пән мұғалімдерінің сабаққа әдістемелік дайындығын күшейту, жаңартылған мазмұн жағдайында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану, ынталары нашар оқушылар арасындағы олқылықтарды жою жұмыстарын жалғастыру.

## **2022-2024 ОҚУ ЖЫЛДАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ**

### **Өзекті мәселесі:**

Критериалды бағалау - бірлескен жұмыс дағдыларын дамыту және оқуға деген ынтаны арттыру факторы.

### **Мақсаты:**

Қызылжар орта мектебінің білім алушыларын мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім стандартына сәйкес жаңартылған білім беру мазмұнына сай келетін нақты білім беру, оқытудың әдіс – тәсілдерін тиімді қолдану арқылы оқушының өз бетінше іздену әрекеттерін ұйымдастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, білім сапасын арттыру, және тұрақты кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіру үшін жағдай жасау көзделді.

### **Міндеттері:**

1. Дағдылардың қалыптасу деңгейін анықтау арқылы оқушылардың оқу деңгейін сапалы арттыру, сондай-ақ оқушылардың білім беру прогресін жүйелі өлшеу, әрқайсысының жетістіктерін объективті бағалау;
2. Заманауи педагогикалық технологияларды зерделеуді жалғастыру және оларды практикаға белсенді енгізу;
3. Қалыптастырушы бағалаудың жаңа стратегияларын, әдістері мен тәсілдерін зерттеу және енгізу;
4. Жаңартылған білім беру мазмұнымен, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналармен ағарту жұмыстарын жалғастыру, оларды оқыту нәтижелерімен және оқушылардың жетістіктерімен жүйелі түрде таныстыру;

5. Оқу құрал, кітапты күтіп ұстауға, кешікпеуге, сабақтан қалмауға дағдыландыру;
6. Қалыптастырушы бағалаудың оңтайлы стратегиялары мен әдістерінің банкін құру;
7. ББЖМ, TIMSS, PIRLS Халықаралық зерттеулері аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру;
8. Мұғалімдердің кәсіби педагогикалық біліктілігін көтеру;
9. Сабақтар мен шараларды өткізу сапасын қадағалау.

### **Күтілетін нәтижелер:**

1. Оқыту үдерісінде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолданады;
2. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады;
3. Оқушылардың шығармашылықпен айналысуына бағыт-бағдар береді;
4. Білім сапасын жоғары деңгейге көтеру жолдары айқындалады.

Жоғарыда аталған міндеттерді орындау барысында білім беру үрдісінің сапасы мен оның нәтижесіне жету үшін стандарт, бағдарлама, оқулық, әдістемелік кешендерді басшылыққа алу қажеттілігі ескеріліп, әдістемелік отырыстарында бастауыш сынып мұғалімдері Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында көрсетілген әдістемелік ұсынымдарға негізделе отырып жұмыстарын жоспарлап атқарды. Алға қойылған мақсат-міндеттерді атқару үшін жылдық, айлық, апталық жоспар бекітіліп, құрылды.

Бастауыш сынып ӘБ құрамында 15 мұғалім.

### **Базалық 1-4 бастауыш білім беру деңгейін талдау**

Қызылжар ОМ 2022, 2023, 2024 жылдары мектептің жұмыстық оқу жоспарларын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әзірледі.

2024-2025 оқу жылында мектеп тарапынан білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алынды және оқу-тәрбие үрдісін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырды:

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) № 348 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығының (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 08 ақпандағы № 27 бұйрығының № 1,2,3 қосымшасы);

ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 115 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан

Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау туралы» әдістемелік ұсынымдар;

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт - сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 Қаулысы;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» № 125 бұйрығы (*өзгертулер мен толықтыру 17.04.2021 жылғы № 149, 13.05.2022 жылғы №193 және 13.04.2023 жылғы № 96 бұйрықтарының*).

ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» № 216 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізутуралы» № 334 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 595 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» № 391 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 272 бұйрығы (*өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығымен енгізілген*);

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялықталаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 564 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы;

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 Қаулысы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» № 292 бұйрығы

## 6 жастан бастап 1 сыныпқа қабылдау

1 сыныпқа қабылдау	2022-2023	2023-2024	2024-2025
МАД-тан келген	28	28	38
Мектепке дейінгі дайындығы жоқ балалар	2	9	0

2022-2023 оқу жылдарында мектеп жасындағы балаларды 6 жастан бастап 1-сыныпқа қабылдау «snation.kz» порталы арқылы жүзеге асырылды. 2023-2024 оқу жылдарында мектеп жасындағы балаларды 6 жастан бастап 1-сыныпқа қабылдау «Индиго» порталы арқылы жүргізіліп жатыр. Кесте көрсеткіштеріне сүйенсек 1-сыныпқа келген балалар саны 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 2024-2025 оқу жылында 27% - ға жоғары болғанын анықталды.

Жалма-жыл 1-сыныпқа қабылданатын балалардың 100% -ы мектепке дейінгі дайындықты тәмәмдап келген балалар.

## 3 жыл аралығындағы оқушы саны

1-4	2022-2023	2023-2024	2024-2025
<b>Оқушы саны</b>	96	117	126

Қызылжар ОМ аралас тілде қызмет атқарады. 2022-2023 оқу жылында ата-аналардың өтінішіне сәйке орыс тілде оқытатын 2 сыныпқа 2 бала отырғызылды. Бұл сынып-комплект қазақ тіліндегі 2 сыныппен біріктірілді. Оқыту үрдісі жеке жүргізу мәселесі (қазақ тілінде 1 маман, орыс тілінде 1 маман) 2 бастауыш сынып мұғалімдері арқылы іске асырылды. Жалпы 1-4 сыныптар аралығында мемлекеттік тілде білім алғаны 28 бала, орыс тілінде 11 бала.

## 2020-2023 оқу жылдары аралығындағы 1-4-сынып оқушыларының білім сапасы

Мектептегі бастауыш сатыдағы білім беру жүйесінің негізгі нәтижелері 1-4 сынып білім алушыларының білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында басты міндет- білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалы көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту болып табылады. 2022-2023 оқу жылынан бастап 1-4 сынып оқушыларының білім көрсету қорытындысы бойынша үлгерімі 100%, білім сапасы 66% - дан 63% - ға көтерілгені анықталды. Үлгермейтін оқушы жоқ.

## 1-4 сыныптар бойынша білім сапасы (3 жыл)

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	1-4 классы	
		Үлгерімі	Білім сапасы
2022-2023	128	100	66
2023-2024	124	100	70
2024-2025	127	100	63



## 2022-2024 оқу жылындағы оқу озаттары мен екпінділер саны

Сыныптар	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
	озаттар	Екпінді	озаттар	Екпінді	озаттар	Екпінді
<b>1-4</b>	25	39	23	40	17	39

Оқушылардың 3 жылдағы үлгерімін талдай отырып, Үздік және жақсы нәтижеге қол жеткізу мәселесі тоқсан сайын ата-ананың, оқушының, мұғалімнің бірлескен ұжымдық жұмысы ғана қалаған нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін көрсетті.

### Оқу бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаттары:

-жаңартылған білім беру мазмұнын жетілдіру, мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету;

-оқушы тұлғасының даралығына, бірегейлігіне, өзіндік ерекшелігінің қалыптасуы мен дамуы;

-білім беру үдерісін ақпараттандыру деңгейін және мұғалімдер меноқушылардың ақпараттық мәдениетін арттыру;

-оқу жоспарының инварианттық және вариативтік бөліктерінің, сондай-ақ оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарының бір-бірін толықтыруын қамтамасыз ету;

Оқу бағдарламасын жүзеге асыруда алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу келесі негізгі міндеттерді шешуді көздейді.

-бастауыш жалпы, негізгі жалпы, орта жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету;

-оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың оқу процесінің әртүрлі формаларының тиімді үйлесімін, оның барлық қатысушыларының өзара әрекетін қамтамасыз ету;

-оқушылардың, оның ішінде дарынды балалардың қабілеттерін анықтау және дамыту;

-оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау және нығайту, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

### Бастауыш инварианттық пәндер бойынша үлгерім

#### 2- сынып

Пәндер	2022-2023		2023-2024		2024-2025		Өзгеріс динамик асы
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	
Қазақ тілі	100	66,8%	100	77,8%	100	75,3%	+8,5
Әдебиет оқу	100	86%	100	75,5%	100	74,2%	-11,8
Математика	100	83,7%	100	73,3%	100	75,3%	-8,4
Жаратылыстану	100	90%	100	77,8%	-	-	-
Дүниетану	100	90%	100	84,4%	-	-	-
Орыс тілі	100	70%	100	80%	100	78,9%	+8,9
Ағыл тілі	100	63,7%	-	-	-	-	-
Цифрлық сауаттылық	-	-	-	-	-	-	-

Бұл кестедегі көрсеткішке сүйенсек жылма-жыл үлгерім 100% көрсетіп тұрғаның көруге болады. Білім сапасын 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 66,8% дан 75,3%-ға, математика 83,7%-дан 75,3%-ға, жаратылыстану 90%-нан 77,8%-ға, дүниетану 90%-дан 84,4%-ға, орыс тілі 70%-дан 78,9%-ға көтерілгені байқалады. Сабақта түрлі әдіс- тәсілдері қолданып, 2-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын дамыту қажет.

### 3-сынып

Пәндер	2022-2023		2023-2024		2024-2025		Өзгеріс динамикасы
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	
Қазақ тілі	100	71,6%	100	70,6%	100	67,2%	-4,4
Әд.оқу	100	76,4%	100	93,7%	100	67,2%	-9,2
Математ	100	73,8%	100	70,6%	100	67,2%	-6,6
Жаратыл	100	76,7%	100	100%	100	-	-
Дүниет	100	79,3%	100	100%	100	-	-
Орыс т	100	85,6%	100	73,7%	100	78,3%	-7,3
АҒЫЛ Т	100	66,8%	100	73,7%	100	67,2%	+6,9
ЦС	-	-	-	-	-	-	-

2022-2024 жылдары бойынша 3 сынып оқушыларының үлгерімі 100% көлемінде. Білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда әдебиеттік оқу пәнінен 76,4%-дан 67,2%-ға, математика пәнінен 73,8%-дан 67,2%-ға, ағылшын тілі пәнінен 66,8%-ден 67,2%-ға көтерілгені байқалады. Жалпы мектептегі 3-сынып оқушыларының инвариативтік пәндер бойынша ағылшын тілі пәнінен өсу динамикасын байқауға болады.

### 4-сынып

Пәндер	2022-2023		2023-2024		2024-2025		Өзгеріс динамик асы
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	
Қазақ тілі	100	63%	100	75%	100	46,4%	-16,6
Әдебиеттік оқу	100	65%	100	75%	100	62,3%	-2,7
Математика	100	63%	100	72,4%	100	56,4%	-6,6
Жаратылыстану	100	74%	100	79,5%	100	69%	-5
Дүниетану	100	77%	100	77,4%	100	75%	-2
Орыс тілі	100	67%	100	65,5%	100	55%	+12
АҒЫЛШЫН ТІЛІ	100	72%	100	68%	100	46%	-26
ЦСауаттылық	-	-	-	-	-	-	-

2022-2024 жылдар аралығында оқушылардың үлгерім деңгейі 100% көлемінде. Білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 63% -дан 46,4%-ға, әдебиеттік оқудан 65%-дан 62,3%-ға, математика 63%-дан 56,4%-ға, жаратылыстанудан 74%-дан 69%-ға, ағылшын тілі пәнінен 72%-дан 46%-ға төмендеген байқалады. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдері қолдана отырып, 4-сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын дамыту жолдарын айқындап, нәтижелі деңгейге көтеру қажеттілігі әлі бар.

## 1-4 сыныптар бойынша вариативтік сағаттар үлесі

Оқу жылы	1-4	Оқыту тілі	Таңдау пәндері	Барлығы
2022-2023	1-сынып	қазақша	Шығармашылық палитра	1
			Шебер қолдар	1
	2-сынып	қазақша	Дебаттық клуб	1
	3-сынып	қазақша	Шебер қолдар	1
				1
4-сынып	қазақша	Шебер қолдар	1	
				1
<b>Барлығы</b>				<b>7</b>
2023-2024	1-сынып	қазақша	Асық ойнау	1
			Домбыраның сиқырлы дыбыстары	1
	2-сынып	қазақша	Жас зерттеуші	1
			Умелые руки	1
			Шығармашылық палитра	1
				1
	3-сынып	қазақша	Шебар қолдар	1
	4-сынып	қазақша	«Жігер» дебат клубы	1
Ақ оймақ			1	
<b>барлығы</b>				<b>10</b>
2024-2025	1-сынып	қазақша	Қолөнер сырлары	1
			Алтын асық	1
	2-сынып	қазақша	Асыл мұра	1
			Ертіс өрендері	1
			Тоғызқұмалақ үйірмесі	1
			экобасшылары	1
	2-сынып	орысша	Семь нот	1
	3-сынып	қазақша	Алтын оймақ	1
			Шебер жігіттер	1

	4-сынып	қазақша	«Жігер» дебат клубы	1
<b>барлығы</b>				<b>10</b>

2024-2025 оқу жылдарында 1-4 сыныптар бойынша таңдау пәндері сабақ кестеге сәйкес уақытында жүргізіледі. Пән мұғалімдері оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, оқушылардың білім-білік дағдыларын, танымдық қабілеттерін арттырып, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамытуда.

### **Бастауыш сыныптарда үй тапсырмасын орындау талдауы**

ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 Бұйрығымен Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілді. Осы бұйрықтың негізгі талаптарын орындау мәселесі Қызылжар орта мектебі бойынша төмендегідей шешуін тапты.

Үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау бойынша ұсыныстарға сәйкес 2-сыныпта – 50 минут, 3-4 сыныптарда – 70 минутан іске асырылды.

I жартыжылдықта 1- сынып оқушыларына оқу жаттығуларынан басқа үй тапсырмалары берілген жоқ. Олар II жартыжылдықтан бастап 20 минуттан аспайтын көлемде оқу тапсырмаларын алып отырды.

Демалыс уақыты мен мереке күндері жалпы даму, жобалық жұмыс үшін көркем, қосымша әдебиеттерді оқу бойынша тапсырмалар берілді. Бастауыш сынып мұғалімдері тарапынан бақылау жұмыстарын жүргізгеннен кейін үй тапсырмасын беру ұсынылмады.

Бейнелеу өнері, Көркем еңбек, Музыка, жаһандық құзыреттілі бойынша үй тапсырмасы басқа пәндермен интеграциялау арқылы іске асырылып отырды.

1-4 сынып оқушыларының жеке психофизиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып үй тапсырмасы сабақтың әртүрлі (үй тапсырмасын тексеру (ең сирек жағдай көлемінде), жаңа материалды зерттеу, бекіту, сабақты қорытындылау) кезеңдерінде берілді. Сабақтағы өткен және үйге берілген оқу материалдарының көлемі 20-25% -дан асырылмай пәнге, жасқа сәйкес орындалып отырды.

Бастауыш сынып мұғалімдері үй тапсырмасының нысаны мен мазмұнын ауызша, жазбаша тапсырмалары нұсқаулықта берілген талаптарға сәйкес беріп отырды.

Сол сияқты қазақ (орыс) тілі мен математикадан тақырыптарды бекіту және білімді бақылау, дүниетануға, жаратылыстануға және әдебиеттік оқуға дағдыларын дамытуға, ойлау қабілетті кеңейтуге тапсырмалар талапқа сәйкес өткізеді.

Әртүрлі жаттығулар негізінде оқушылардың есте сақтау қабілеттерін арттыру тапсырмаларын визуалды (мысалы, көру жаттығуларын орындау кезінде), есту (ауызша әңгіме құрастыру кезінде), логикалық (зерттелген материалға схеманы жобалау кезінде), бейнелі және эмоционалды (тақырыпты, құбылысты ауызша сипаттау кезінде) пайдалану түрлері іске асырылып отырды.

Үй тапсырмасын ұйымдастыруда бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері: оқушыларды сабақ аясында үй тапсырмасы туралы қоңырауға дейін

хабардар етеді. Үй тапсырмасын орындау үшін егжей-тегжейлі түсініктеме беруді ұмытпаңыз. Үй тапсырмаларының әртүрлі түрлерін оларды ұйымдастыруға сәйкес біріктіреді: сараланған; жеке; жұптасқан және топтық; шығармашылық; бүкіл сыныпқа бір. Олар жұмыстың болуын ғана емес, сонымен бірге оны орындау сапасын да тексереді, оқушылармен бірге қателіктер мен сәтті жұмыстарды талдайды. Оқушыларды үй тапсырмаларын орындауға ынталандыру үшін мұғалімдер журналға оң қалыптастырушы бағаларды қояды, басқа оқушылар алдында табысты көрсетеді, ауызша көтермелейді, шығармашылық сипаттағы жұмыстар көпшілік назарына ұсыну үшін сыныптағы стендке ілінеді.

Оқушылар үй тапсырмасын дайындау үшін ең көп уақытты келесі пәндерге жұмсайды: математика, қазақ тілі және ағылшын тілі.

### **Қорытынды:**

Пән мұғалімдері үй тапсырмаларын жүйелі түрде саралайды, үй тапсырмасын тексеру үшін компьютерлік технологияның мүмкіндіктерін пайдаланады. Пән мұғалімдері ауызша пәндер бойынша үй тапсырмаларын орындауға назар аударады. Шығармашылық тапсырмалар, мүмкін болса, бірнеше күнге беріледі және келесі күні олардың нақты орындалуын пән мұғалімдері талап етпейді. Жазбаша үй жұмысының көлемі сыныпта орындалған жұмыс көлемінің үшінші бөлігінен аспайды. Міндетті түрде үй тапсырмасы, оның көлемінің мөлшері сараланған. Мұғалімдер үй тапсырмасы мазмұнының сабақ мазмұнына қатынасы мен сәйкестігіне, жеке ерекшеліктер мен медициналық көрсеткіштерді ескере отырып берді.

## **2022-2024 оқу жылдары бойынша**

### **оқу бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаттары**

-жаңартылған мазмұн жағдайында білім беру мазмұнын жетілдіру, мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету;

-қоғамдық-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша білім алушыларды қосымша оқытуды қамтамасыз ететін басым бағыттар бойынша мазмұнды кеңейту және тереңдету;

-оқушы тұлғасының даралығына, өзіндік ерекшелігіне, бірегейлігіне, өзіндік ерекшелігіне қалыптасуы мен дамуы;

-оқушыларды функционалдық сауаттылыққа, өз бетінше және зерттеу жұмыстарына бағыттау;

-білім беру үдерісін ақпараттандыру деңгейін және мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық мәдениетін арттыру;

-жұмысты оқу жоспарының инвариантты және вариативті бөліктерінің, сондай-ақ оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарының бірін-бірі толықтыруын қамтамасыз ету.

### **Оқу бағдарламасын жүзеге асыруда алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу келесі негізгі міндеттерді шешуді көздейді**

-бастауыш жалпы, негізгі жалпы, орта жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету;

-негізгі жалпы және жалпы орта білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

-оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың оқу процесінің әртүрлі

формаларының тиімді үйлесімін, оның барлық қатысушыларының өзара әрекетін қамтамасыз ету;

-оқушылардың, оның ішінде дарынды балалардың қабілеттерін анықтау және дамыту.

Оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау және нығайту, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

### Негізгі пәндер бойынша инварианттық пәндері бойынша үлгерім

Пәндер	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
	Үлге рiм	Сапа	Үлге рiм	Сапа	Үлге рiм	Сапа
Қазақ тілі	100	64,7%	100	71%	100	61%
Қазақ әдебиеті	100	62,1%	100	68,4%	100	66,4%
Орыс тілі	100	59,2%	100	68%	100	65%
Орыс әдебиеті	100	70,4%	100	77%	100	73%
Математика	100	50,1%	100	60%	100	57%
Геометрия	100	48,7%	100	66%	100	58%
Информатика	100	94%	100	97%	100	94%
Шет тілі	100	52,5%	100	64%	100	75%
Биология	100	44,9%	100	71%	100	57%
Химия	100	64,2%	100	85%	100	60%
Физика	100	47,4%	100	65%	100	56%
Дүниежүзі тану	100	66,8%	100	79%	100	-
Қазақстан тарихы	100	64,3%	100	76%	100	73%
Құқық негіздері	100	96,2%	100	91%	100	-
География, жаратылыста ну	100	66,9%	100	82%	100	57%

2022-2024 жылдар аралығында білім сапасы 2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 64,7% -дан 61%-ға, қазақ әдебиеті 62,1%-дан 66,4%-ға, геометриядан 48,7%-дан 58%-ға, шетел тілі пәнінен 52,5%-дан 75%-ға, биологиядан 44,9%-дан 57%-ға көтерілгендігі байқалады. Оқушыларының функционалды сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын дамыту жолдарын айқындап, нәтижелі деңгейге көтеру қажеттілігі әлі бар деп анықталды.

### 5-11 сыныптар бойынша вариативтік сағаттар үлесі

Оқу жылы	5-11	Оқыту тілі	Таңдау пәндері	Барлығы
2022-2023	5-сынып	қазақша	Жаһандық құзыреттер	0,5/ 0,5
	6-сынып	қазақша	Жаһандық құзыреттер	0,5
	7-сынып	қазақша	Жаһандық құзыреттер	0,5/ 0,5
	8-сынып	қазақша	Жаһандық құзыреттер	0,5
	9-сынып	қазақша	Жаһандық құзыреттер	1
	5-сынып	орысша	Глобальные компетенции	0,5
	7-сынып	орысша	Глобальные компетенции	0,5
	8-сынып	орысша	Глобальные компетенции	0,5
	9-сынып	орысша	Глобальные компетенции	1
	10-сынып	қазақша	Жаһандық құзыреттер	1
	10-сынып	қазақша	Жас сарбаз	1
	10-сынып	орысша	Глобальные компетенции	1
<b>барлығы</b>				9,5
2023-2024	5-сынып	қазақша	Жаһандық құзыреттер	0,5
		қазақша	Шах және мат	0,5
	6-сынып	қазақша	Жаһандық құзыреттер	0,5
		қазақша	Шах және мат	0,5

		ша		
7-сынып	қазақ ша	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер	0,5
		ша		0,5
8-сынып	қазақ ша	қазақ ша	Шах және мат	0,5
		ша		0,5
9-сынып	қазақ ша	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер	1
		ша		0,5
10-сынып	қазақ ша	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер	1
11-сынып	қазақ ша	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер	1
5-сынып	орыс ша	орыс ша	Глобальные компетенции	0,5
		ша		0,5
6-сынып	орыс ша	орыс ша	Глобальные компетенции	0,5
8-сынып	орыс ша	орыс ша	Глобальные компетенции	0,5
9-сынып	орыс ша	орыс ша	Глобальные компетенции	1
10-сынып	орыс ша	орыс ша	Глобальные компетенции	1
		қазақ ша	Қазақ әдебиеті	1
		қазақ ша	Қзқ тілі	1
		орыс ша	Грамматика английского языка	1
		қазақ ша	Спорттық ойындар	1
11-сынып	орыс ша	орыс ша	Глобальные компетенции	1
		қазақ ша	Қазақ тілі	1
		қазақ ша	Қазқ әдебиеті	1
		қазақ ша	Тарихи деректер	1



		орыс ша	Грамматика английского языка	1
		қазақ ша	Спорттық ойындао	1
<b>барлығы</b>				<b>23,5</b>
2024-2025	5-сынып	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер	0,5/ 0,5
	6-сынып	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер	0,5/ 0,5
	7-сынып	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер	0,5/ 0,5
	8-сынып	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер	0,5
	9-сынып	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер	1/1
	5-сынып	орыс ша	Глобальные компетенции	0,5
	6-сынып	орыс ша	Глобальные компетенции	0,5
	7-сынып	орыс ша	Глобальные компетенции	0,5
	9-сынып	орыс ша	Глобальные компетенции	1
	10-сынып	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер Сөз өнері	1 1
	11-сынып	қазақ ша	Жаһандық құзыреттер Кәсіпкерлік негіздері	1 1
	11-сынып	орыс ша	Глобальные компетенции Основы предпринимательства	1 1
<b>барлығы</b>				<b>14</b>

2024-2025 оқу жылдарында 5-11 сыныптар бойынша тандау пәндері сабақ кестеге сәйкес уақытында жүргізіледі. Пән мұғалімдері оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, оқушылардың білім-білік дағдыларын, танымдық қабілеттерін арттырып, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамытуда.

## Ұлттық бірыңғай тестілеуге оқушылардың қатысу, тіркелу, жұмыстарын жүргізудің нәтижелері.

Қызылжар ЖОББМ бойынша 2023-2024 оқу жылында 11-сынып-комплектісі болды, оқу жылында 10 түлек білім алып, жалпы орта білім туралы аттестатына ие болды. Сол оқу жылында қорытынды аттестаттау дәстүрлі мемлекеттік бітіру емтиханы нысанында өткізілді. 2023-2024 оқу жылында 9 оқушы ҰБТ тапсырды. 2022-2023 оқу жылдарында 10-11- сынып оқушыларының жоқтығымен байланысты 10-11- сынып комплектілері болған жоқ.

### Бейіндік оқытудың талдау

Оқу жылы	Сынып	Бейіндік бағыты	Оқушы саны
2022-2023	0	0	0
2023-2024	11 сынып	Жаратылыстану математикалық бағыт	10
2024-2025	-	-	-

Асхананың жабдықталуы 100%. Ас бөлме керекті қондырғылармен толық жабдықталған. Барлық қондырғылар жұмыс істеп тұр.

Мектеп оқушыларының ыстық тамағын ұйымдастыру үшін асхана жалға берілді. Асхана қызметкерлері мен оқушылар үшін барлық гигиеналық жағдайлар жасалған.

Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру сұрақтары қамтамасыз етілген нормативті құжаттар мектепте бар, сыныптар бойынша тамақтануды бақылау жүйесі құрылып, мониторинг жүргізіледі.

Мектептегі температуралық тәртіп нормаға сай.

Дәретхана мектеп ішінде жылытылған: ұлдарға арналған дәретханада 6 унитаз, 4 раковина. Қыздарға арналған дәретханада да 6 унитаз, 4 раковина. Барлық унитаздар бөліктермен бөлінген.

Мектептің медициналық кабинеті екі бөлімнен тұрады: дәрігердің қабылдау және процедуралық. Медициналық кабинеттің лицензиясы талаптарға сай.

## **Оқу және ғылыми зертханалар**

Бүгінгі таңда мектепте физика, биология, химия зертханалары жұмыс жасайды. Физика пәнінің зертханасы 2024 жылы жаңартылған. Материалдар мен құралдар бағдарламаға сай жүйеленген.

### Ақпараттық ресурстар және кітапхана

Ақпараттық ресурстар бойынша мектепте информатика кабинеті толық қамтамасыз етілген. Мектепте 1 компьютер класы бар дербес компьютерлер саны 11 дана (2020ж), нетбук 68 және 20 дана планшет (2020ж), интербелсенді тақта мектеп бойынша саны 4 дана, информатика кабинетінде 2008 ж., биология кабинетінде 2017 ж., химия кабинетінде 2014 ж., бастауыш сынып кабинетінде 2017 ж., физика кабинетінде Touch панель 2024 ж. Бастауыш сынып, химия, биология, информатика және қазақ тілі кабинеттері проектор компьютерлерімен жабдықталды.

Кабинеттердің жұмыс жоспарлары жасалған. Кабинеттерде техника қауіпсіздігіне арналған стенд бар, ілінген, оқу жылының басында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау өткізіліп, оқушыларға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды тіркеуге журнал басталады, өрт кезінде эвакуациялау жоспары құрылған, медициналық қорапшасы бар.

#### Информатика кабинетіне компьютерлердің алынуы туралы мәліметтер

№	Алынған компьютерлер түрі	Жеткізу көзі	Құрылу жылы	Қайда орнатылды	Жөндеуді немесе жаңалауды қажет етеді
1	Персоналды компьютер	РБ	2020	Информатика кабинеті	
2	Нетбук	РБ	2020	Информатика кабинеті	
	Планшет	РБ	2020	Информатика кабинеті	
3	Интербелсенді тақта	ОБ	2017, 2017, 2014, 2008	Бастауыш сынып, биология, химия, Информатика кабинеті,	жаңалауды қажет етеді
4	Проекторлар компьютермен	ОБ	2017, 2018	Бастауыш сынып, информатика кабинеті, қазақ тілі кабинеті химия, биология,	жаңалауды қажет етеді
5	Touch панель	ОБ	2024	Физика кабинеті	

Мектеп кітапханасы мектептің екінші қабатында орналасқан. Кітапхана штаты-1.Кітапхана меңгерушісі Мыктыбаева Жумабике Тулкиевна. Білімі арнайы орта.

Ақсу мемлекеттік Жаяу Мұса атындағы колледжді «Кітапханашы» мамандығы бойынша 2006 жылы аяқтаған. Кітапхана меңгерушісінің аталған білім мекемесіндегі кітапханалық жұмыс өтілі 32 жыл 6 ай. Курстық дайындық: 2022 жыл Павлодар қаласындағы «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы. Кітапхананың жалпы алаңы 76 м<sup>2</sup>. Оқу залындағы орындық саны-16. Абонемент оқу залымен біріктірілген. Негізгі кітапхана қоры және оқулықтар әр қайсысы жеке бөлмелерде орналасқан. Оқулықтар арнайы қоймада сақталады. Қойманың жалпы алаңы 16,5 м<sup>2</sup>. Оқулықтар сөрелерде сыныптар мен пәндер бойынша орналасқан. Кітапханада Қазақстан жазушыларының, кеңестік және шетелдік жазушылардың әдебиеті бөлінген. Салалық әдебиеттер кітапханалық-библиографиялық жіктеу бойынша орналастырылған, сөрелік бөлгіштер бар. Кітапхана қоры оқырмандар үшін ашық қолжетімді

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20708 болып тіркелген «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген 1-11 сыныптарға қолдануға рұқсат еткен оқу басылымдарының тізбесіне сәйкес оқулықтармен 1-1 сынып оқушылары 100 пайыз қамтамасыз етілді. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13070 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымның кітапхана қорының түзілу туралы» № 44 бұйрығына сәйкес мектеп кітапханасының жұмысын ұйымдастырудың оның негізгі бағыттары:

- қорларды қалыптастырумен орналыту;
- мектеп кітапханасының жұмыс тәжірибесіне жаңа ақпараттық технологиялар енгізуді ескеру;
- пайдаланушыларға кітапханалық, анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету.

Қорландыру циклі бойынша мектеп оқушыларына арналған қазақ тілінде электрондық оқулықтар, көрнекі құралдар, сыныптан тыс оқуға арналған мемлекеттік және орыс тілдерінде көркем әдебиеттер талапқа сай жинақталған Бүгінгі мектеп кітапханасы- ақпараттық білім беру орталығы. Осы орайда мектеп кітапханасына кітапхана жұмысын автоматтандыру мақсатында компьютер, принтер, көшірме-сканер, интернет желісі орнатылған. E-Kitaphana, E-tandau электрондық платформаларда жұмыс жасауда. Сондай-ақ кітапханаға арналған жиһаз: кітап сөрелері, үстелдер, орындықтар, кітапханашы үстелі, ормуляр жәшігі бар. Қазіргі заманғы мектептің оқу- тәрбие үрдісінің талаптарын басшылыққа ала отырып, ағымдағы жылға кітапхананың алдына қойған мақсаты: ақпарат көздері арқылы тез және сапалы қызмет көрсете отырып, оқырмандардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Кітапхана өз жұмысын мектеп тәрбие жұмысының төмендегі бағыттары бойынша тығыз байланыста жұмыс жүргізеді: салауатты өмір салты, патриоттық тәрбие, эстетикалық тәрбие, адамгершілік- құқықтық тәрбие, біртұтас тәрбие, оқуға құштар мектеп бойынша білім алуға сапалы көзқарасты қалыптастыру, жалпы мектептегі мемлекеттік мерекелер. Кітапханада осы бағыттарға сәйкес іс- шаралар өткізіледі. Кітапханада атаулы күндерге арналған кітап көрмелері ұйымдастырылады. Барлық



көрмелер қазақ және орыс тілдерінде рәсімделген. Көпшілік шаралардың түрлері жүргізіледі. Сонымен қатар оқырмандармен жүйелі жұмыс істеу, оқырмандар тобын іріктеп алу: оқырман ұстаздар, сыныптар бойынша бөліп, тізім бойынша толық қамти отырып, оқушыларды оқырман етіп тіркеу, кітапхана қорын толықтыру. Оқулық қорымен жұмыс, оқулық картотекасын жазу. Кітапхана қорын жаңартылуы Ақсу қаласыны білім бөлімі арқылы жүзеге асырылады. Кітапхана жоспарға сай уақытымен жұмыс істейді 9.00 - 18.00 үзіліс 13.00- 15.00, және айдын соңғы күні тазалық күні жасалады. Әр жұманың соңында әдістемелік күн.

### Кітапхана қорының өсуі

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Кітапхана қоры	14618	15503	16355
Негізгі қор	7171	7534	7534
Оқулық қоры	7447	7969	8821

### Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды алу

Сынып	оқулықтар			Оқу-әдістемелік		
	2022/2023	2023/2024	2024/2025	2022/2023	2023/2024	2024/2025
1	350	271	267	0	0	0
2	302	190	20	17	1	0
3	0	15	207	0	0	0
4	26	15	0	0	0	0
5	15	53	24	0	0	0
6	25	25	9	0	0	0
7	157	35	31	0	0	0
8	0	252	23	0	0	0
9	37	18	157	0	0	0
10	14	65	8	0	0	0
11	0	20	16	0	0	0
Даярлық сынып	345	185	90	0	0	0

### Негізгі кітап қоры түсуі

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Көркем әдебиетті түсуі	0	363	0
Қазақ тілінде	0	298	0
Орыс тілінде	0	56	0
Басқа тілде	0	9	0

## Оқулықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтер

Сынып	Оқушылар саны			Оқулық саны			Баспа	Қамтамасыз етілу пайызы	Жыл басылымы
	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2022-2023	2023-2024	2024-2025			
қазақ									
1	30	29	26	30	29	26	Алматыкітап, Атамура, Мектеп, Арман-ПВ	100	2021
2	17	30	25	17	30	25	Алматыкітап, Атамура, Мектеп	100	2022-2023
3	29	16	30	29	16	30	Алматыкітап, Атамура, НИИШ, Top Stars for Kazakhstan	100	2018-2024
4	33	30	17	33	30	17	Алматыкітап, Атамура, НИИШ, Арман-ПВ, Express Publishing	100	2019
5	29	27	25	29	27	25	Алматыкітап, Атамура, Мектеп, Келешек-2030, Арман-ПВ, Oxford	100	2017
6	22	26	27	22	26	27	Алматыкітап, Атамура, Мектеп, Арман-ПВ, Келешек-2030, Oxford	100	2018
7	37	19	25	37	19	25	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Келешек-2030, Oxford	100	2017-2024
8	24	33	19	24	33	19	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Алматыкітап, Келешек-2030, Oxford	100	2018
9	28	24	36	28	24	36	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Алматыкітап, Келешек-2030, InterPress Distribution	100	2019-2024
10	9	9	10	9	9	10	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Келешек-2030, Express Publishing	100	2018
11	0	9	7	0	9	7	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Келешек-2030, InterPress Distribution	100	2019

Сын ып	Оқушылар саны			Оқулық саны			Баспа	Қам там асы з %	Жыл басыл ымы
	Орыс	2022- 2023	2023- 2024	2024- 2025	2022 -2023	2023 -2024			
1	4	5	13	4	5	13	Алматыкітап, Атамура, Мектеп, Арман-ПВ	100	2021
2	6	3	8	6	3	8	Алматыкітап, Атамура, Мектеп	100	2022 2023
3	8	5	4	8	5	4	Алматыкітап, Атамура, НИИШ, Top Stars for Kazakhstan	100	2018 2024
4	7	6	5	7	6	5	Алматыкітап, Атамура, НИИШ, Арман-ПВ, Express Publishing	100	2019
5	6	7	5	6	7	5	Алматыкітап, Атамура, Мектеп, Келешек-2030, Арман-ПВ, Oxford	100	2017
6	0	6	6	0	6	6	Алматыкітап, Атамура, Мектеп, Арман-ПВ, Келешек-2030, Oxford	100	2018
7	13	0	6	13	0	6	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Келешек-2030, Oxford	100	2017
8	3	6	0	3	6	0	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Алматыкітап, Келешек-2030, Oxford	100	2018
9	5	2	10	5	2	10	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Алматыкітап, Келешек-2030, InterPress Distribution	100	2019 2024
10	1	2	0	1	2	0	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Келешек-2030, Express Publishing	100	2018
11	0	1	2	0	1	1	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Келешек-2030, InterPress Distribution	100	2019

### Кітапхана көрсеткіштері

Оқу жылы	Оқырман саны	Кітап қоры	Оқырмандар кітапханға келуі	Кітап беру саны	Кітаптың айналымы
2022-2023	378	14618	3820	7621	0,5
2023-2024	385	15503	5822	9321	0.6
2024-2025 I- тоқсан	93	16355	218	392	0.02

## Кітаптап мен оқулықтарды кітапхана қорының есебінен шығару

Оқу жылы	Данасы (экземпляр)	Сомасы
2022-2023	2049	2402947 - 00
2023-2024	623	968924 - 00
2024-2025		

Мектептің компьютерлік жабдықтары заманауи технологияларды қолдануға мүмкіндік береді, оларды әртүрлі пәндерді оқытуда қолдануда белгілі бір тәжірибе жинақталған.

Интернет ресурстарын оқушылар рефератқа дайындық кезінде, ҰБТ-ға дайындық кезінде тестілеу, шығармашылық жұмыстар жасау кезінде белсенді пайдаланады. Мұғалімдер жаңа педагогикалық технологиялармен, материалдармен, қашықтықтан оқыту курстарымен, конкурстар мен олимпиадалардың шарттарымен танысуға және оларға қатысуға мүмкіндік алады. Интернет сабақ кезінде де қолданылады.

**Қорытынды:** мектептің оқу-материалдық базасының жағдай қанағаттанарлық деңгейді көрсетті. Бірақ қазіргі оқыту процесіне енгізілген білім беру қағидалары негізінде сапалы білім бері бағыттарын әлі де жақсартуды талап етеді. Мектептегі материалдық базасын жақсарту шешімі: тач панель, оқу процесіне арналған сенсорлық белсенді тақталар, жаңа модификациялық кабинеттерді сатып алу қажет.

## Мектептеп бойынша ыстық тамақты ұйымдасытру

Майтүбек ЖОББМ мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту мәселесін ұйымдастыруда басты міндеттерді іске асырды.

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтануын қамту;
- ата-аналар (заңды өкілдер) қаражаттарының көмегімен оқушыларды рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау;
- мектептің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жаңарту;
- қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;
- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Оқу жылдары	2022-2023		2023-2024		2024-2025
	Тегін тамақ түрлері	I жарты жылдық	II жарты жылдық	I жарты жылдық	II жарты жылдық
Жалпыға бірдей білім беру қорымен қамтылған оқушылар саны	105	81	86	74	71
Асхана арендаторы есебінен қамтылған оқушылар саны	2		3		8
Жалпы тегін тамақпен қамтылған балалар саны	107	83	89	77	79

3 жылдық салыстырмалы диаграммадан байқалғаны – әр жыл сайын оқушылар тегін тамақпен қамтылып отырды. Асхана мердігері А.Айгужинова өз тарапынан балаларды тамақтандырды.

Тек 2024-2025 оқу жылы бір балаға берілетін ыстық тамақтың жалпы құны 1-4 сынып оқушыларына 472 теңге, жалпыға бірдей міндетті орта білім беру қорынан сынып оқушыларына 724 теңгені құрайды. Тегін тамақпен жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылары, атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар және күнкөріс мөлшері төмен аз қамтылған немесе көпбалалы отбасы балалары қамтамасыз етілді. Құжаттар мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сай қабылданып отырды. Асхана мәзірі екі аптаға құрылған. Асханадағы қызметкерлер саны - 5 адам, оның ішінде 1 аспазшы, 1 еден жуышы, 2 ыдыс-аяқ жуушы және асхананы жалға алушы.

#### Тегін ыстық тамаққа ЖББ қорынан бөлінген қаражат

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Тегін тамаққа бөлінген қаражат	Мың теңге	Мың теңге	Мың теңге
Аз қамтылған санаты бойынша	6180,6	9359,6	9001,0
1-4 сынып бойынша	4317,0	6778,4	6687,0

ЖББ қорынан бөлінген қаражат ҚР Үкіметінің № 64 қаулысында көрсетілген санаттарға сәйкес үлестірілген. Мектептің тегін ыстық тамақтандыру мәселесі бойынша 3 жылдың құжаттары бар екендігі анықталды. 2022-2024 жылдар аралығында келесі бұйрықтар жинақталып сақталған:

*аз қамтылған санаты бойынша 2022 жылғы - №1-06/58 , 2023 жылғы - №1-06/113 және 2024 жылғы 1-06/202;*

*1-4 - сынып бойынша 2022 жылғы -№ 1-06/66 , 2023 жылғы - № 1-06/122 және 2024 жылғы - № 1-06/203 .*

### **Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер**

<b>Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен-жайы</b>	<b>Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)</b>	<b>Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)</b>	<b>Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)</b>
Павлодар облысының білім беру басқармасы Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Қызылжар ауылының орта мектебі» КММ, Ж.Аймауытов көшесі,45, Индекс 140113. эл.адрес qyzyljar@bilimaksu.edu.kz	Мектеп асханасы	Санитарлық-эпидемиялық қорытынды № S.02.X.KZ40VWF00 058608 Күні: 09.02.2022 ж. «Қызылжар ауылының орта мектебі» КММ	ЖК Айгужинова Айгуль Сабитовна куәлігі негізінде серия номері № 055089638 от 04.04.2023.

### **Құқықбұзушылықтың алдын алу**

Оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында отбасылардың элеуметтік жағдайы қарастырылады.

Оқу жылы	Аудандық есеп	Мектепшілік есеп	Жалпы
2022-2023 оқу жылы	0	0	0
2023-2024 оқу жылы	0	0	0
2024-2025 оқу жылы	0	0	0

2022-2024 жылдар аралығында аудандық немесе мектепшілік есеп бақылауына қойылған оқушылар жоқ.

2022-2024 жылдар аралығында жылғы 8-20 қараша аралығында «Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық онкүндік және «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанының, «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» науқанының өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында мектеп психологі С.Ж.Кабылдинова «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп оқушыларымен тренинг ұйымдастырды. Аға тәлімгерлер «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында 1-9 сынып оқушыларымен челлендж өткізді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері 5-9 сынып оқушыларымен «Құқығым бар...» тақырыбында эссе конкурсын ұйымдастырды. Мектеп кітапханашысы «Өз құқығыңды біліп, өзіңді қорға» кітап көрмесін ұйымдастырып, таныстырылым жүргізді. «Ұшқыр ой алаңы» дебат жетекшісі А.Е.Жангабулова «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында 7-9 сынып оқушылармен пікірталас ұйымдастырды. Сынып жетекшілер «Әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шаққа құқылы» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Мектепте «Сенім жәшігі» әр апта сайын қаралып отырады. «Түнгі қаладағы балалар!», «Жасөспірім», «Көше» сияқты кең ауқымды рейдтер өткізіліп отырады. Мектептің көркем еңбек пәнінің мұғалімдері 1-9 сынып оқушыларымен «Әр баланың құқығы бар» суреттер көрмесін ұйымдастырып өткізді. Әлеуметтік педагог А.Е.Байжанов «Мен және менің құқығым» 5-9 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізді. «Біз әлемді өзгертеміз, зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай өзгертуге болады» тақырыбында сынып сағаттары өтті. «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 8,9 – сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Әр сынып жетекшілер сыныбы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары және әлеуметтік категориялы балаларды анықтау бойынша талдау жасайды. Түнгі рейд нәтижелеріне талдау жүргізіледі.

### Сәтсіз отбасылардың 3 жылдық көрсеткіші:

Оқу жылдары	Қалалық есепте тұрған отбасы», ондағы оқушылар	Мектепшілік есепте тұрған «Сәтсіз отбасы», ондағы оқушылар
2022-2023 оқу жылы	0	0
2023-2024 оқу жылы	0	0
2024-2025 оқу жылы	0	0

Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі құқық бұзушылықтың алдын алу үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналардың (заңды тұлғалардың), қоғамдық ұйымдардың қызметі біріктіліп іске асырылды. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі өз жұмысын Қазақстан Республикасы заңнамалары негізінде іске асырады. Алдын алу кеңесінің құрамына: Кеңес төрағасы(төрайымы) – мектеп директоры, хатшысы, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар, инспекторы енгізілді. Профилактикалық кеңес айына бір рет өткізіледі, арнайы жылдық жоспары құрылған. Кеңес жұмысына кеңес төрайымы-мектеп директоры басшылық етеді. Кеңес шешімі көпшілік дауысымен қабылданады. Кеңестің отырысы, барысы мен қабылданған шешімдері хаттамаланады. Кеңесте қаралған құжаттар жүйеленіп, 3 жыл сақталады. Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің мақсат-міндеттері: кәмелетке толмағандардың қараусыз қалуына, қылмыс жасауына, құқық бұзуына, қоғамға қарсы іс-әрекет жасауына себеп болған жағдайларды анықтау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік-педагогикалық оңалту. Тәртіп бұзған оқушылардың есепке алынуы немесе есептен шығарылуы осы Кеңесте шешіліп отырады. Профилактикалық кеңесте, сонымен қатар, психолог мамандардың сұрақтары, онда «Балалар агрессиясы, оның себептері мен салдары», «Темекі, алкоголь және есірткінің алдын алу» деген сияқты тақырыптар қозғалады және осындай балалар анықталса, олармен жұмыстың түрлері, нәтижелері ортаға салынады. Тәртіпбұзушылықтар жиі кездескен сыныптардағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жүргізілуін тексеру, сонымен қатар білім алудан бас тартқан оқушылардың ата-аналарымен жұмыс қаралады. Әр сынып жетекшілер сыныбы бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары және әлеуметтік категориялы балаларды анықтау бойынша талдау жасайды. Түнгі рейд нәтижелеріне талдау жүргізіледі.

Қорыта келе, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы-қылмыспен күресудің алдыңғы қатардағы бағыттарының бірі деп есептеледі. Оның сапалы орындалуы, алдын ала ескертілуі өскелең ұрпақтың денсаулығы және адамгершілігі үшін елеулі жағдайдың жасалуы. Ал алдын алу жұмыстары бойынша мектептің ерекше міндеті құқықбұзушылықты ертерек анықтау болып табылады. Сондықтан мектеп психологтары, сынып жетекшілер, мектеп әкімшілігі бірлесе отырып, сауалнама, әртүрлі диагностикалық жұмыстар арқылы әр сыныпта «Қауіп» тобына кіретін оқушыларды анықтаудан бастайды.

### **Мектепшілік қамқоршылық кеңесінің жұмысы**

2022-2024 жылдар аралығында «Қамқоршылық кеңесі» өз жұмыс жүйелі түрде атқару үстінде. Ақсу қаласының білім беру бөлімінің бұйрығымен бекітілген мектепшілік кеңес құрамында 19 адам жұмыс жасайды. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Жандельденова Сауле Серикбаевна. Кеңес жұмысының жоспары бекітілді.



<b>№</b>	<b>Атқарылатын жұмыстар</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
1	Қамқоршылық кеңесінің жоспарын бекіту. Нормативтік құжаттармен танысу, негізгі бағыттарды анықтау.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
2	Қамқоршылық кеңесінің отырыстарын өткізу	Тоқсанына 1 рет	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
3	Білім беру ұйымының жарғысы мен ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер енгізу немесе толықтырулар енгізу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
4	Мектепшілік барлық саладағы іс-шараларға қатысу (оқу үрдісі, тәрбие, құқық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени іс-шаралар)	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
5	Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге демеушілерді тарту.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
6	Жалпы мектепшілік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің бірлескен жұмысы.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
7	Дарынды балаларды қолдау	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
8	Мектеп оқушыларына әлеуметтік қолдау көрсету. «Мектепке жол», «Қамқорлық» т.с.с. қайырымдылық акцияларын өткізуге ат салысу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

**Қамқоршылық кеңесінің міндеттері:**

- мектеп жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау;
- мектеп ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру;
- білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету;
- мектеп органдарының жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау;
- Мектептің білім берушілік, қаржылық, кадрлық әлеуетін күшейту;
- ҚМ берілген қаражаттай және заттай бюджеттік қаржыны тиімді және анық пайдалану үшін механизм құру;
- Қаржыландырудың қосымша көздерін мектепке тартуға жәрдем беру;
- оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Қамқоршылық кеңесінің құрамы:

1. Жандельденова С.С. – Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
2. Ташенова А.Б. – Кеңес мүшесі
3. Сеилканова А.Е. – Кеңес мүшесі
4. Зайнулдинова Ш.Б. – Кеңес мүшесі
5. Байзуллин А.Д. – Кеңес мүшесі
6. Тимирханова В.А. – Кеңес мүшесі
7. Шаймарданова А.С. – Кеңес мүшесі
8. Абельдинова Н.К. – Кеңес мүшесі
9. Шаймурат А. – Кеңес мүшесі
10. Балтабаева К.К. – Кеңес мүшесі
11. Мадкенова А.Р. – Кеңес мүшесі
12. Тулепбергенова Г.С. – Кеңес мүшесі
13. Жақиянова Ы. – Кеңес мүшесі
14. Бердыгожин Ж.М. – Кеңес мүшесі
15. Кабышев М.А. – Кеңес мүшесі
16. Рахимова А.Б. – Кеңес мүшесі
17. Жукенов С.Е. – Кеңес мүшесі
18. Сулайманова Д.А. – Кеңес мүшесі

Қорытынды. Қамқоршылық кеңесі мектеп ұжымымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізеді. Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсетуде тығыз жұмыс тар жүргізілді.

### ЖББ қорынан көрсетілген көмек

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
«Мектепке жол» акциясы аясында Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражат	4361572	4162048	3377220
Демеушілерден көрсетілген көмек	100000	300000	350000

ЖББ қорынан әр жыл сайын аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына тегін көмек көрсетіліп отырды. «Мектепке жол» акциясы жыл сайын өткізіліп отырады, аз қамтылған отбасы балаларына демеушілер тарапынан көмек көрсетіліп отырады, сонымен қатар, мектеп ұжымы және ата-аналар белсенді қатысады. Мысалы, ауылымыздың «Қызылжар-Кус» фабрикасы жыл сайын көмекке мұқтаж оқушыларға қаржылай және мектепке қажет құралдармен көмек көрсетеді. Сонымен қатар, мектеп асханасының арендаторы, мектеп түлектері жыл сайын көмек ұшын беруде.

**ЖББ қорынан көмек алған оқушылардың санаттары**

жыл дар	Оқушы саны		санаттары	1-4		5-9	
	I жарты жылдық	II жарты жылдық		I жж	II жж	I жж	II жж
2022- 2024	105	81	Бала саны	44	32	61	49
			<b>оның ішінде:</b> көп балалы отбасынан	34	40	24	30
			толық емес отбасынан	6	12	5	10
			жартылай жетім бала	0		0	
			Жетім /ААҚҚ (ОБПР)	0		0	
2023- 2024	86	74	Бала саны	29	57	25	49
			<b>оның ішінде:</b> көп балалы отбасынан	24	33	20	31
			толық емес отбасынан	3	15	3	15
			жартылай жетім бала	0		0	
			Жетім /ААҚҚ (ОБПР)	0		0	
			I жартыжылдық				
2024- 2025	71		Бала саны	28		43	
			<b>оның ішінде:</b> көп балалы отбасынан	21		20	
			толық емес отбасынан	4		13	
			жартылай жетім бала	0		0	
			Жетім /ААҚҚ (ОБПР)	0		0	

**Аудандық әкімшілік шыршасына қатысқан оқушылар туралы мәлімет**

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Бала саны	12	6	
Жаңа жылдық сыйлықтары	Ақшалай сыйлық және жаңа жылдық кулек	Ақшалай сыйлық және жаңа жылдық кулек	

### **Жазғы демалыс лагерлер жұмысы**

Әр жыл сайын мектептен Баянауылдағы «Жас Даурен» оқу сауықтыру лагеріне жіберіліп отырды. Лагерге жіберілетін оқушылар: халықаралық, республикалық, облыстық байқаулар, олимпиадалар, спорттық жарыстардан жүлделі орын алған оқушылар, аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары және жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушылар жіберіліп отырды.

Сонымен қатар, жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаражатқа аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалары және жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған оқушылар тегін мектеп жанындағы лагерінде демалып отырды.

	<b>2022-2023</b>	<b>2023-2024</b>	<b>2024-2025</b>
Республикалық «Жас даурен» лагері	13	17	3
Мектеп жанындағы лагері	62	58	
Жалпы демалыспен қамтылған балалар	75	75	

### **2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында Қызылжар ОМ тәрбие жұмысының талдауы**

Қызылжар орта мектебі бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында әр жыл сайын тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалынып, бекітілді.

2022-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы жылдық жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүргізілді.

Тәрбие жұмысы келесі жұмыс арқылы жүзеге асады:

- Жалпы білім беру циклінің сабақтары арқылы;
- Сыныптан тыс жұмыстар арқылы;
- Мектептен тыс қызмет арқылы.

Мектептің негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты тәрбиелеуге бірыңғай көзқарасты қалыптастыру, іс-әрекеттерді үйлестіру және оқушыларды тәрбиелеу мәселелерін шешуде тәрбие процесінің барлық субъектілерінің сабақтастығын қамтамасыз ету.

Осы мақсатты жүзеге асыру үшін 2022-2024 жылдары мектептің педагогикалық ұжымының алдында келесі міндеттер тұрды: сынып жетекшілерінің жұмысына бақылауды күшейту; әр оқушының жеке басын, оның физикалық және психологиялық жағдайын, отбасын зерттеу; мінез-құлық мәдениетін, отбасылық өмірге саналы көзқарасты қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру; қоғамдық іс-шараларға қатысу арқылы топтық ұжымдар мен ата-аналардың жұмысын жандандыру; оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамытуды жандандыру мақсатында жасөспірімдерді қоғамдық ұйымдарға біріктіру үшін жағдай жасау.

Мектептің барлық тәрбие жүйесі 8 негізгі бағыт бойынша құрылған:

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Әрбір бағыт жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірыңғай жүйесін құрайтын негізгі элементтерді қамтиды:

### ***I. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие***

Оқушылар арасында ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттауға және зерттеуге маңызды орын беріледі. «Қазақстан тарихы», «музыка», «Қазақ әдебиеті» сабақтарында, сондай-ақ, мемлекеттік мерекелер, апта сайынғы саптүзеулер өткізу кезінде сыныптан тыс жұмыстарда насихаттау жұмыстары жүргізіледі.

**Мектеп оқушылары 1 қыркүйек Білім күніне және 16 желтоқсан ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Менің Туым» облыстық жобасына белсенділікпен қатысты.**

23 қазан күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында бірыңғай ӘНҰРАН ОРЫНДАУ күні ұйымдастырылды.

Мемлекеттік мерекелерге орай 1-11 сыныптарында сынып сағаттары өткізіліп отырды. Атап айтқанда 25 қазан – Республика күні, 15 қараша – Ұлттық теңге күні, 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні.

Мектепте құқықтық тәрбие бағыты бойынша іс-шаралар өткізілді.

Ай сайын Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырысы өткізіліп отырды. Мереке күндері, күзгі, қысқы демалыс күндері мектеп мұғалімдері мен ауылдық учаскелік инспекторы бірлесе кешкі рейдтер ұйымдастырды.

Оқушылардың жарақаттануын алдын алу мақсатында мектепте «Қауіпсіз жол», «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз автобус» атты іс-шаралар өткізілді.

Талдау барысында жоғарыда аталған жұмыстың нәтижесінде оқушылардың сабақтардағы, үзілістердегі тәртібі жақсарды, іс-шараларды өткізу кезінде шығармашылық белсенділік артты деген қорытынды жасалды.

### ***II. Рухани-адамгершілік тәрбие***

**Мақсаты:** жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру.

#### **Міндеттері:**

- Оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарын анықтау, тереңдету;
- Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, күнделікті тұрмысты ұйымдастыра білу, адамгершілік дағдысы;
- Жалпыға ортақ мораль нормаларын сақтауға ұмтылысты қалыптастыру;
- Адамгершілік мінез-құлыққа қарсы белсенді рухани қабілеттерін қалыптастыру.

Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспар жасалып, бекітілді. Жоспар

бойынша тамыз-қыркүйек айларында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, демеушілерді тарту жұмыстары атқарылды. Жағдайы төмен оқушылар мен көпбалалы отбасыларынан шыққан оқушылар жөнінде мәлімет және отбасына қатысты құжаттарын жинап тізімі жасақталды. Аз қамтылған, көп балалы, арнайы әлеуметтік көмек алатын 88 оқушының әрбіріне күн көріс минимумы 47300 тг. көлемінде мектеп алдына көмек көрсетілді. Жалпы сома 4162400 тг.

«Мен өмірді сүйемін, өмір мені сүйеді» тақырыбына сынып сағаттары, «Әлеуметтік желілердің зияны» тақырыбына әңгіме, «Өмір, қымбатсың сен маған!» тақырыбына сынып сағаттары өткізілді. 2023-2024 оқу жылында «Аққу» қыздар клубы және «Мирас» ұлдар клубы өз жұмыстарын атқарды. Қыздар мен ұлдар арасында әңгімелер, дөңгелек үстелдер, пікірталастар ұйымдастырылды.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағытының негізгі бір бөлігі діни экстремизмнің, терроризмнің және деструктивті ағымдардың алдын алу жұмысы болып саналады. Мектепте аталмыш жұмыс келесі мақсатқа негізделген: Діни экстремизмнің алдын алу мәселелеріне ата-аналарды, педагогтар мен оқушыларды тарту.

Оқу жылының басында экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыстың жоспары құрылды. Мектепке жаңа қабылданған жұмысшыларға кіріспе нұсқау берілді. Экстремизмнің алдын алу бойынша әдістемелік материалдардың жиынтығы жаңартылды. Дисфункционалды отбасыларда тәрбиеленетін оқушыларды анықтау үшін жұмыстар үнемі жүргізіледі. Сондай отбасыларда тәрбиеленетін оқушылар оқу жылы бойынша анықталған жоқ.

«Діни экстремизмге қарсы күрес» атты ақпараттық стендті жаңартылды. «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефонының» жұмысы үнемі жүргізілді.

Діни экстремизмнің алдын алу жұмысы бойынша ақпараттық-насихаттау тобының мүшелерімен экстремистік әдебиеттерді анықтау негізінде кітапхана қоры 2022-2024 оқу жылында 2 рет тексерілді, экстремистік мазмұны бар әдебиеттер анықталған жоқ.

26-28 қыркүйек күні мектепте оқу жаттығулары ұйымдастырылып өткізілді. Жаттығу барысында оқушылар мен мектеп қызметкерлері ғимараттан жылдам әрі кедергісіз шығуға дағдыланды.

Мектеп психологтары қыркүйек-желтоқсан айлары аралығында өткізілген іс-шаралар: қыркүйек айында жоспар құрылып бекітілді, бақылау жұмыстары жүргізілді. Қазан-қараша айларында оқушылардың бейімделуін зерттеу, сабақтарға қатысып оқушылардың ортаға бейімделуі анықталды. Сыныптың әлеуметтік құрылымын бақылау жұмыстары жүргізілді. Желтоқсан айында ата - аналар жиналысы өткізілді, бірінші жарты жылдықта буллинг тақырыбында әңгіме жұмыстары жүргізіліп сауалнамалар алынды. Мектептегі қарым-қатынасты нығайту жұмыстары тренингтер өткізілді, ұстаздарға кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

### ***III. Ұлттық тәрбие.***

**Мақсаты:** жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» – жоба аясында «Ақындар айтысы» сайысы ұйымдастырылды. Оқушылар айтыс туралы ақпарат алып, өзара айтыс сайысына түсті. Үздіктер анықталып, марапатталды.

Ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында тоғызқұмалақ және асық ату секциялары жұмыс істейді. Үзілістерде оқушылар осы ұлттық ойындарды үнемі ойнап

отырады.

Мектепте «Шаңырақ» этнографиялық, тарихи-өлкетану бағытындағы мұражай жұмыс істейді. Жыл бойы мектеп оқушылары мұражайға саяхат жасап, туған өлкенің тарихы мен ұлттық мұрамен танысады.

«ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР» жоба аясында 16 қараша күні «Алтын сақа» олимпиадасы, 13 қараша күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоба аясында оқушылар «Асық ату» челленджіне қатысты.

#### ***ІҮ. Отбасылық тәрбие.***

**Мақсаты:** неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары – сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Отбасылық тәрбие бағытына мектепте көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Олар: Отбасы күніне арналған сынып сағаттары, «Әкеге-ізет, анаға – құрмет» үздік эссе конкурсы, «Отанды сүю отбасынан басталады» тақырыбында суреттер байқауы.

Жыл бойы мектеп оқушылары «Family day» облыстық жобасына белсенділікпен қатысты. Отбасы күніне орай «Отбасы – бақыт мекені» және Жаңа жыл мерекесіне орай «Жаңа жыл – отбасылық мейрам» тақырыбына 1-11 сынып оқушылары фотоколлаж жасады және де олар мектептің Инстаграм парақшасына жарияланды.

Педагогикалық ұжымның ата-аналар қауымдастығымен жұмыс жасау тәрбие жұмысының ажырамас аспектісі екенін атап өткен жөн. Соның негізінде мектепте Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы, «Даналық мектебі» жұмысы жүзеге асырылады. АПҚО бұйрығы шығарылып, жауаптылар анықталды. Бекітілген жоспарға сәйкес ата-аналармен іс-шаралар ұйымдастырылды. Шараларға мектеп психологтары, ауылдық учаскелік инспектор қатысты.

Тоқсан сайын сыныптарда ата-аналар жиналысы өткізіліп отырды, жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстарда өзекті сұрақтар көтерілді. Балалардың үйдегі және сырттағы қауіпсіздігіне аса зор мән берілді.

#### ***Ү. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие***

**Мақсаты:** кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

1-6 сынып оқушылары «Күз кереметі» тақырыбына сай қолдан түрлі бұйымдар мен заттар әзірледі. «Біздің өлкеміздің табиғаты туралы сүйіспеншілікпен» суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Мектепте барлық сыныптарда жүргізілетін кәсіптік бағдарлау жұмысына көп көңіл бөлінеді. 7-11 сынып оқушылары арасында мектеп психологтары сауалнамалар арқылы әр оқушының кәсіби өзін-өзі анықтауға көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырады.

#### ***ҮІ. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу***

**Мақсаты:** әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін

мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында кітапханашы, сынып жетекшілер, пән мұғалімдері бірлесе жұмыс атқарады. 1 жарты жылдық бойынша «Сүйікті кітаппен селфи», С.Торайғыровтың 130 жылдығына орай ақын шығармаларын оқу, «Білімнің көзі кітапта» үзілістерде кітап оқу шаралары ұйымдастырылып өткізілді.

13 желтоқсан күні «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасын іске асыру барысында 5-11 сынып оқушылары «Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджіне қатысты. Нәтижесінде үздік шығарма иелері марапатталды.

### **ҮІІ. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие.**

**Мақсаты:** Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие беру бағытында мектептің кітапханасында тақырыптық кітап көрмелері жыл бойы ұйымдастырылып отырды.

Мектепте дебаттық қозғалысты ұйымдастыру мақсатында қыркүйек айынан бастап «Ұшқын» дебаттық клубы жұмысын жалғастырды. Клуб мүшелері бекітілген жоспарға сәйкес өзара пікірталасқа шығып отырады.

Мектепте көркем-эстетикалық бағытта «Сазды әуен», «Үкілі домбыра», «Ақ оймақ» қызығушылық үйірмелері жұмыс істеді. Үйірме жетекшілері оқушылардың бойында шығармашылық пен эстетикалық талғамды дамытуға тырысты. Сонымен қатар, үйірмелерге қатысатын оқушылар байқаулар мен сайыстарға қатысып отырады.

### **ҮІІІ. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.**

**Мақсаты:** салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Оқу жылы бойы оқушылардың мектептегі тамақтандырылуы ұйымдастырылды, сыныптардағы оңтайлы температуралық режим қамтамасыз етілді, қауіпсіздік техникасының, өрт қауіпсіздігінің жай-күйіне, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелердің сақталуына бақылау жүзеге асырылды. Жыл сайын балалар мен мектеп қызметкерлері медициналық тексерістен өтеді. Мектепте салауатты өмір салтын насихаттайтын түрлі шаралар үнемі өткізіліп отырады. Олар, денсаулық күндері, дәстүрлі іс-шаралар, дене шынықтыру минуттары, спорттық жарыстар, тақырыптық сынып сағаттары және тағы басқалар өткізіледі. Мектеп ЖИТС-пен күрес күніне арналған «Біз өмірді таңдаймыз» акциясы, футбол мен волейболдан жарыс, «ЖИТС-пен күрес» сынып сағаттары өткізілді. Салауатты өмір салты тақырыбына өткізілетін суреттер байқауына оқушылар белсенді қатысады. 8 қыркүйек күні «9 айға 9 іс – шара» жоспарына сәйкес оқушылар Республикалық сергіту сәті челленджіне қатысты. Барлық ұйымдастырылатын іс-шаралардың мақсаты білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және темекі



шегудің, алкоголизм мен нашақорлықтың алдын алу болып табылады. Балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту. Демалыс алдында және сабақ кезінде оқушылармен өмірді, денсаулықты қорғау, гигиена бойынша қауіпсіздік ережелері туралы нұсқаулық жүргізіледі.

Мектепте спорттық секциялардың жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылған. Барлығы мектеп бойынша 5 спорттық секция жұмыс істейді. Спорттық секциялар бекітілген жоспар мен кестеге сәйкес жұмыстарын атқарады.

### **Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы**

Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы және аға тәлімгері қазан айы бойы «Қарқорлық» акциясын өткізді. «Тимуршылар» тобы оқушыларымен қарт ата-әжелерге, аз қамтылған оқушыларға көмек көрсетілді.

«Ұстаз мектеп жүрегі» атты іс-шара ұйымдастырылып, мектепті безендіру жүргізілді.

Сыныптар арасында «Алтын күз», яғни, «Күз ханзадасы мен ханшайымы» іс-шарасын өткізді.(27.10.23) Жеңімпаздар сыйлықтармен марапатталды.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысындағы «Жүргізушіге хат» челленджі өткізілді. (08.11.23)

«Көк тайғақ» туралы оқушылармен әңгіме сабақ жүргізілді.

«Интернет және оның пайдасы мен зияны» тақырыбында әңгіме сабақтар жүргізілді.

Жаңа жыл мерекесін өткізуге оқушыларды қойылымдарға дайындап, мектепті безендіру жұмыстарын жүргізілді.

## **ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРІМЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС**

### **Мақсаты:**

Сынып жетекшілерінің шығармашылығы арқылы мектептің тәрбие жұмысының әдістерін арттыру және жетілдіру.

2022-2024 оқу жылында мектепте 23 сынып жетекшілері жұмыс істеді.

Оқу жылының басында сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары жасалды. ӘБ отырыстарында әрбір сынып жетекшісі жұмыс істеп жатқан проблемаға ерекше назар аудара отырып, сыныппен жұмыс туралы есеп берді. Отырыстардағы баяндамалар теорияға да, практикалық нәтижелерге де негізделді, бұл белгілі бір тұжырымдар мен жалпылама тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді. ӘБ жұмысына барлық сынып жетекшілері белсенді қатысты. Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмыстары бойынша кеңестер өткізілді. Әдістемелік бірлестік сынып жетекшілерінің тәрбиенің қазіргі заманғы технологияларын, тәрбие жұмысының нысандары мен әдістерін зерделеуін және игеруін ұйымдастырады.

Сынып жетекшілерінің ӘБ отырыстарында нормативтік құжаттарды зерттеуге көп көңіл бөлінеді, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру, оқушылардың әлеуметтік пайдалы жұмысы, ата-аналармен ынтымақтастық, оқушылардың әлеуметтік жағдайларын зерттеу және т. б.

Сынып жетекшілерінің қызметін талдай отырып, сынып ұжымдарын құру жұмыстары мақсатты түрде жүзеге асырылады деп қорытынды жасауға болады.

Талдау көрсеткендей, сынып жетекшілері ашық сағаттар мен іс-шараларды

мүқият дайындайды, материал жаңа техникалық құралдарды, интернет мүмкіндіктерін қолдана отырып ұсынылады. Жұмыста қарым-қатынастың әртүрлі формалары, іс-әрекеттерді ұйымдастыру қолданылады, баланың жеке басының дамуына ықпал ететін ыңғайлы, шығармашылық орта жасалады. Әдістемелік Қор жыл бойы мерекелік сценарийлермен, тақырыптық сынып сағаттарымен толықты.

#### **Тәрбие жұмысына қорытынды:**

1. Мектепте оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту үшін қолайлы психологиялық ахуал жасалды сабақтан тыс жұмыстарға оң көзқарас қалыптасуда.

2. Дәстүрлі мектеп іс-шараларына барлық сыныптар қатысады, бірақ мектеп өміріндегі сыныптардың белсенділік деңгейі әр түрлі. Бұл сынып жетекшілерінің жұмысына, олардың балаларды ұйымдастыруға, жарықтандыруға, іс-шараларға әр оқушыны тарту қабілетіне байланысты. Сынып ұжымының қалыптасуы, сыныптағы оқушылар арасындағы қарым-қатынас үлкен маңызға ие.

3. Тәрбие жұмысын талдауға сүйене отырып, жалпы алғанда 2022-2024 оқу жылында тәрбие жұмысына қойылған міндеттер шешілген деп санауға болады. Тәрбие жұмысының жоспары толық көлемде жүзеге асырылды.

#### **Тәрбие бойынша оқушылардың жетістіктері туралы**

Конкурс атауы	Қалалық			Облыстық			Респуб-ликалық			Ескерту
	1	2	3	1	2	3	1	2	3	
«Балалар әлемі» республикалық конкурсы		3					1	2	1	Ерғали Е., Серикова Д., Сулайманова Д., Тәңірберген А. т.б. марапатталды. 2022 ж
«Жылдың үздік психологі» республикалық конкурсы						1				ІІІ дәрежелі диплом Хамитова М.Ж., 2022 ж.
«Ақсу толқыны» қалалық байқауы		1								2 орын Төлеухан Расул, 2022 ж.
«Бала creative» қалалық байқауы		1	1							Кагабаев М., Серазитдинов И. 2022 ж
Қысқы Президенттік көпсайыс		1								Баатарұлы М. 2 орын, 2023 ж
«Өрт сөндіру-құтқару спорты»							1			Баатарұлы М. 1 орын, 2023 ж

жарысы										
«Алтын сақа» фестивалі	1									«Асық ату» 1 орын, 100000 сыйақы, 2023ж
«Үздік қыранбасшы – 2023» байқауы		1								Тулегенов А. 2 орын, 2023ж
«Bastau fest» байқауы			1							Төлеухан Р. 3 орын, 2023 ж
Қазақ күресінен қалалық турнир			1							Каримов Т. 3 орын, 2023 ж
«Жол қозғалысы жас инспекторлары» байқауы										«Қыран» тобы «Эрудиттер» номинациясына иеленді, 2023ж
Жеңілатлетикалық эстафета		6								Жеңіс күніне арналған эстафетада 6 оқушы 2 орын иеленді, 2023 ж
"Театрдың ғажайып әлемі" театр өнерінің фестиваль-байқауы;			1							«Ертіс өрендері» театр ұжымы 3 орын, 2023ж
Қазақ күресінен ашық турнир				1	1					Хайратбекқызы А. 1 орын, Сакенов Б. 2 орын. 2023 ж
«Chess class» республикалық олимпиадасы										«Шах және Мат» үйірмесінің қатысушылары шахмат ойынынан олимпиадаға қатысты, 2023 ж
«Жас экорепортер» конкурсы			1							Экологиялық конкурстың қалалық кезеңінде 3 орын, 2023 ж
«Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» бейнероликтер байқауы		1								Бейнероликтер байқауында 2 орын, 2023 ж

«Алтын қазына»	1		1						«Алтын қазына» сәндік-қолданбалы қол өнер сайысының жеңімпаздары, 2024 ж
«Әншуақ» фестивалінің гала-концерті	2								Қалалық кезеңнің жеңімпаздары Оралова Д., Кәкім М., 2024 ж
«Былғары доп» спартакиадасы	1								Футболдан қалалық кезең жеңімпаздары, 2024 ж

Білім беру ұйымдарын бағалау  
өлшемшарттарына  
13-қосымша

Бітіру сыныптарын тестілеу нәтижелері  
«Қызылжар жалпы орта білім беру мектебі» КММ

Қызылжар ЖОББМ жоспарлы мемлекеттік аттестаттаудан өту барысында 4-9-сынып оқушылары компьютерлік тестілеуден өтті.

Тестілеуге 4-сыныптан 20 оқушының 19 оқушысы қатысты, 1 оқушы денсаулығына байланысты қатыса алған жоқ. Қазқ тілінде оқитын сыныптан 15 оқушы және орыс тілінде оқитын сыныптан барлық 4 оқушы 100% тестілеуге қатысты.

Тестілеуге 9 сынып бойынша барлығы 45 оқушыдан 40 оқушы қатысты. Қазақ тілінде оқитын сыныптардан 30 оқушы қатысты 4 денсаулығына байланысты қатыса алған жоқ және 1 оқушы ЕББҚ оқушы тест тапсырудан босатылды. Орыс тілінде оқитын оқушылардан 10 оқушы 100% тестілеуге қатысты.

Компьютерлік тестілеу нәтижелері цифрлық бес балдық жүйе бойынша бағаланады.

№	сынып	журнал бойынша оқушылар саны	қатысқан оқушылардың нақты саны	«5» баға алған саны	«4» баға алған саны	«3» баға алған саны	«2» баға алған саны	орташа балл	оң бағалар %
1	4а	16	15	0	0	6	9	2,4	40%
2	4в	4	4	0	0	3	1	2,75	75%
3	9а	19	17	0	0	8	9	2,47	47%
4	9б	16	13	0	0	7	6	2,54	53,8%
5	9в	10	10	0	1	5	4	2,7	60%

